

Сот жүйесінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі басшысының 2024 жылғы 31 шілдедегі № 23 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 тамызда № 34884 болып тіркелді

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Сот жүйесінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Ішкі қауіпсіздік бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің құқық бөліміне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сот Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сот әкімшілігінің басшысы

Н. АХМЕТЗАКИРОВ

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының
Сот әкімшілігінің басшысы
2024 жылғы 31 шілдедегі
№ 23 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы сот жүйесінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген.

2. Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес сот жүйесінің террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған объектілеріне (бұдан әрі – сот жүйесінің объектілері) қолданылады.

3. Нұсқаулық сот жүйесі объектілерінің басшылары мен сот жүйесі объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ететін сот жүйесі жұмыскерлерінің, күзет қызметі субъектілерінің басшылары мен қызметкерлерінің, сондай-ақ объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін зерделеу, тексеру және бағалау кезінде арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің пайдалануына арналған.

4. Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) сот жүйесінің жұмыскерлері – сот жүйесінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілері және еңбек шарты бойынша жұмыскерлер;

2) жауапты лауазымды адам – терроризмге қарсы қызметтің ерекшелігіне сәйкес келетін құзыреттер мен лауазымдық міндеттерді ескере отырып, объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды іске асыру жүктелген сот жүйесінің әкімшілік мемлекеттік қызметшісі;

3) жеке күзет ұйымы – өзінің кәсіпкерлік қызметі ретінде күзет қызметтерін көрсететін коммерциялық ұйым;

4) күзет қызметінің субъектісі – Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері және жеке күзет ұйымдары;

5) күзет қызметкерлері – Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің және жеке күзет ұйымдарының сот жүйесінің объектісінде және оған іргелес жатқан аумақта күзету функцияларына, өткізу және объектілік режимдерді сақтау сай келетін қызметкерлері;

6) келуші – сот жүйесі объектісіндегі Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

7) өткізу режимі – адамдардың рұқсатсыз кіруі (шығуы), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мүлікті кіргізу (шығару), әкелу (әкету) мүмкіндігін болғызбайтын, белгіленген тәртіпті регламенттейтін қағидалар жиынтығы;

8) объектінің периметрі – құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы ;

9) телевизиялық күзет жүйесі – бұзушылықтарды анықтауға және тіркеуге арналған жабық үлгідегі телевизиялық жүйені білдіретін бейнебақылау жүйесі;

10) бейнебақылау жүйесі – бейнебақылау камераларының, деректерді беру желілерінің, бағдарламалық және техникалық құралдардың және бейнежазбаларды сақтау құралдарының, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару құралдарының жиынтығы;

11) жарықтандыру жүйесі – тәуліктің қараңғы уақытында бейнебақылау жүйесі үшін қажетті жарықтандыру деңгейін және объектідегі адамдарды, көлік құралдары мен өзге де мүлікті көруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар жиынтығы;

12) хабардар ету жүйесі – объектілердегі адамдарды төтенше оқиғалар (авария, өрт, дүлей апат, шабуыл, террористік акт) кезіндегі дабыл және қалыптасқан жағдайдағы әрекет туралы жедел хабардар етуге (жарықпен және (немесе) дыбыстық хабарлауға) арналған техникалық құралдар жиынтығы;

13) дабыл беру құралы ("дабыл" түймесі) – батырманы басу арқылы дабыл сигналын қосуға және дабыл туралы хабарламаны қабылдау-бақылау аспабына немесе хабар беру жүйесіне беруге арналған күзет сигнализациясының стационарлық немесе мобильді қолмен басқарылатын хабарлағыш;

14) объектінің ықтимал қауіпті учаскелері – объектінің аумақтық бөлінген, жарылыс-өрт қаупі бар, қауіпті химиялық заттар, қару мен оқ-дәрілер, улы заттар мен препараттар, технологиялық тізбектердің, жүйелердің, жабдықтардың немесе құрылғылардың элементтері қолданылатын, сақталатын немесе пайдаланылатын аймақтары (учаскелері), құрылымдық және технологиялық элементтері, объектінің қауіпті аймақтары, сондай-ақ терроризм актісінің жасалуы адамдардың өмірі мен денсаулығына залал келтіруге, аварияның, қауіпті әлеуметтік-экономикалық салдары бар төтенше жағдай қатерінің туындауына, қауіпті заттар мен материалдарды терроризм актісін жасау үшін одан әрі пайдалану мақсатында олардың ұрлануына ықпал ететін, объектіде адамдар көп болатын орындар;

15) оқу-жаттығу (профилактикалық) іс-шаралары – алғашқы ден қою дағдыларын дарыту мақсатында нұқсамалар мен сабақтар түрінде іске асырылатын алдын ала оқыту тәсілдері;

16) терроризмге қарсы қорғалу паспорты (бұдан әрі – паспорт) – объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық мәліметтер қамтылатын, оның терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін көрсететін және террористік тұрғыдан осал объектідегі

терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, барынша азайту және (немесе) салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған ақпараттық-анықтамалық құжат;

17) сот жүйесі объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын бағалау – өткізу режимін, сот жүйесі объектілерінің, сондай-ақ оларда күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілердің терроризм актісін жасауға кедергі келтіруге, салдарын барынша азайтуды және жоюды қамтамасыз етуге даярлығын бағалауға бағытталған іс-шара;

18) терроризм актісінің қатері төнген кезде эвакуациялау (бұдан әрі –эвакуациялау) – сот жүйесінің жұмыскерлерін және келушілерді объектіден немесе оның бір бөлігінен қауіпсіз орындарға (үй-жайларға, жергілікті жердің учаскелеріне) ұйымдастырып көшіру.

5. Сот жүйесі объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырудың мақсаты терроризм актісін жасауға кедергі келтіретін жағдайлар жасау (іргелес жатқан аумақта терроризм актісін жасау тәуекелін азайту) және ықтимал террористік қатерлердің салдарын барынша азайту және (немесе) жою болып табылады.

Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жалпы қағидаттары:

1) барабарлық – объектіде қолданылатын терроризмге қарсы шаралардың ықтимал террористік қатерлердің сипаты мен ерекшелігіне сай болуы;

2) кешенділік – жоғарыда тізілген қағидаттарға сүйене отырып объектінің терроризмге қарсы қорғалуын құруға және қолда бар күштер мен құралдарды тартуға мүмкіндік беретін шаралар жиынтығы;

3) сараланған тәсіл – объектінің жұмыс істеуінің салалық ерекшеліктерін, оның орналасуын есепке алуға бағытталған тәсілдер жиынтығы;

4) іс-шаралардың күні бұрын (алдын ала) өткізілуі – террористік қатерлердің сипаты мен ерекшелігін ескере отырып, алдын ала әзірленетін шаралар кешені.

6. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы мыналарға бағытталған жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етіледі:

1) объектілерге заңсыз кіруге кедергі жасау, оған мынадай шараларды қабылдау арқылы қол жеткізіледі:

- объектілерде өткізу режимін белгілеу және оны мүлтіксіз сақтау;

- инженерлік-техникалық тұрғыдан объектілерді заңсыз кіруді анықтауға мүмкіндік беретін құралдармен нығайту.

2) терроризм актілерін дайындау және (немесе) жасау белгілерін анықтау, оған мынадай шараларды қабылдау арқылы қол жеткізіледі:

- объектілер үшін террористік сипаттағы ықтимал қауіптерді нақтылау;

- сот жүйесінің объектісіндегі және іргелес жатқан аумақтағы ахуалды күдікті адамдар мен заттарды анықтау тұрғысынан бақылау;

- сот жүйесінің жұмыскерлері мен күзет қызметкерлерінің қырағылығын арттыру;

- терроризмнің профилактикасы (құқықтық ағарту, терроризмге теріс эмоционалды көзқарасты қалыптастыру);

- объектілерді инженерлік-техникалық жаратандыруды жақсарту.

3) объектілерде терроризм актілерін жасау әрекеттерінің жолын кесу, оған мынадай шараларды қабылдау арқылы қол жеткізіледі:

- объектілерге келушілер мен көлік құралдарының кіруінің белгіленген тәртібін тұрақты бақылауды ұйымдастыру;

- объектінің ықтимал қауіпті учаскелерін анықтау;

- сот жүйесінің жұмыскерлерінде терроризмге қарсы сананы қалыптастыру;

- объектілердің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық іс-шараларды бақылау.

4) объектілерде ықтимал террористік қауіптердің салдарын барынша азайту және жою, оған мынадай шараларды қабылдау арқылы қол жеткізіледі;

- сот жүйесі объектілерінің ерекшеліктеріне барабар террористік сипаттағы ықтимал қауіптерге ден қою алгоритмдерін әзірлеу;

- терроризм актісін жасау кезіндегі және одан кейінгі әрекеттерге күзет қызметкерлерін және сот жүйесінің жұмыскерлерін тиісінше даярлау;

- объектіде терроризм актісі жасалған жағдайда уәкілетті органдарды, сондай-ақ сот жүйесінің жұмыскерлерін және келушілерді олардың әрекет етуі бойынша уақтылы хабардар етуді ұйымдастыру;

- паспортты уақтылы жасау және өзекті күйде ұстау, оны тиісінше сақтау.

7. Сот жүйесі объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын мыналар ұйымдастырады:

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – Жоғарғы Сот) ғимаратында – Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің басшысы (бұдан әрі – Сот әкімшілігі);

- облыстық және оларға теңестірілген соттардың ғимараттарында – Сот әкімшілігінің облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің басшылары (бұдан әрі – Департаменттер);

- аудандық және оларға теңестірілген соттардың ғимараттарында – Департаменттердің Сот әкімшілерінің басшылары.

8. Жоғарғы Соттың ғимараты бойынша жауапты лауазымды адам – Сот әкімшілігі басшысының өкімімен, облыстық және оларға теңестірілген соттардың ғимараттары бойынша – Департамент басшыларының өкімімен, аудандық және оларға теңестірілген соттардың ғимараттары бойынша Департаменттердің Сот әкімшілері басшыларының өкімімен тағайындалады.

Өкім шыққаннан кейін объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды іске асыру жөніндегі функция жауапты лауазымды адамның лауазымдық нұсқаулығына енгізіледі.

Егер бір ғимаратта сот жүйесінің бірнеше объектісі орналасқан болса, онда бір жұмыскер ғана жауапты лауазымды адам болып айқындалады.

2-тарау. Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

9. Осы тарау объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсаттарына сәйкес келетін объектілерде өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды айқындайды.

10. Жоғарғы Соттың, облыстық және оларға теңестірілген соттардың ғимараттарын күзетуді, сондай-ақ өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет қызметінің бөлімшелері жүзеге асырады.

11. Аудандық және оларға теңестірілген соттарды күзетуді, сондай-ақ өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз етуді жеке күзет ұйымдары жүзеге асырады.

12. Күзет қызметкерінің лауазымдық нұсқаулығы иесіздендірілген сипатта болады және олардың ерекшеліктерін ескере отырып сот жүйесінің объектілері үшін әзірленеді.

13. Сот жүйесі объектісінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету, өткізу және объектішілік режим тәртібін ұйымдастыру мақсатында мыналар белгіленеді:

1) сот жүйесінің объектісінде сот жүйесі жұмыскерлерінің және келушілердің кіруі шектелмеген үй-жайлар (учаске, аймақ);

2) ықтимал қауіпті және күрделі аймақтар болған кезде сот жүйесі жұмыскерінің және келушілердің кіруі шектелген сот жүйесі объектісіндегі үй-жайлар (учаске, аймақ);

3) сот жүйесінің объектісіне немесе оның бір бөлігіне (аймағына) құқыққа қарсы ниеті бар бөгде адамдардың кіруін, сондай-ақ автокөліктің рұқсатсыз кіруін болғызбайтын сот жүйесінің объектілерінде және (немесе) оның бір бөлігінде сот жүйесі объектісінің персоналын немесе келушілерді өткізу режимі;

4) сот жүйесінің объектісіне кедергісіз кіруге құқығы бар адамдардың тізбесі;

5) кіру шектелген аймақтарға кіруге рұқсат етілетін адамдардың тізбесі (бар болған кезде);

6) осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбеге сай сот жүйесінің объектілеріне алып өтуге тыйым салынған заттар.

14. Осы Нұсқаулықтың 11-тармағында көзделген сот жүйесі объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен террористік тұрғыдан осал объектілерді күзету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру құжаттары бар жеке күзет ұйымдарымен күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады.

15. Күзет қызметі субъектісімен шарт жасасу кезінде оның сот жүйесі объектісінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуін көздеу қажет:

1) сот жүйесі объектісін күзету, объектінің ықтимал қауіпті учаскелерін және күрделі аймақтарды қорғау (бақылау), оның ішінде оларда бөгде адамдардың бақылаусыз болуын болғызбау;

2) сот жүйесі объектісінің персоналы мен оған келушілердің, көлік құралдарының сот жүйесінің объектісіне немесе оның бір бөлігіне (аймағына) рұқсатпен өтуін ұйымдастыру;

3) сот жүйесі объектісінің аумағында құқыққа қарсы ниеті, сондай-ақ тыйым салынған құралдар мен заттар бар адамдарды анықтау;

4) күзет ұйымының қызметкерлерімен үй-жайларды қарап-тексеру техникасы, жарылғыш құрылғылардың ықтимал орнатылу орындарын анықтау, жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді азайтуға және жоюға бағытталған алғашқы ден қою іс-шараларын орындау бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыру;

5) күзет ұйымы қызметкерлерінің сот жүйесінің объектісінде орнатылған инженерлік-техникалық қорғау құралдарын тиісінше пайдалануы және оларды пайдалану дағдыларын игеру және (немесе) жетілдіру бойынша қосымша сабақтар өткізу.

3-тарау. Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

16. Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларының мақсаты объектілерде терроризм актілерін жасау мүмкіндіктерінің алдын алуға және жолын кесуге бағытталған шараларды қамтамасыз ету, сондай-ақ сот жүйесі және күзет қызметкерлерінің терроризм актілерін жасау немесе жасау қаупі төнген жағдайларда әрекеттерге, терроризм актісін жасау қаупі төнген кезде және ол жасалғаннан кейін оларда сауатты және ұтымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға дайындық деңгейін арттыру болып табылады.

17. Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шаралары Сот әкімшілігінің басшысы (Жоғарғы Сот үшін) және Департаменттердің басшылары (облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттар үшін) бекіткен графиктер бойынша нұсқамалар мен сабақтар (практикалық және теориялық) түрінде жүргізіледі.

18. Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шаралары:

1) сот жүйесінің жұмыскерлерімен;

2) күзет қызметкерлерімен нұсқамалар, сабақтар (практикалық және теориялық) және эксперименттер түрінде өткізіледі.

19. Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын өткізуге қажет болған кезде сот жүйесі объектісінің орналасқан жері бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктің

терроризмге қарсы комиссиясымен келісу бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, сондай-ақ неғұрлым дайындалған қызметкерлер тартылады.

20. Оқу-жаттығу іс-шараларын сот жүйесі объектілерінің басшылары сот жүйесінің жұмыскерлерімен, ал күзет қызметі субъектілерінің басшылары объектіні қорғауға тартылатын қызметкерлермен бірге ұйымдастырады.

21. Күзет қызметкерлерімен терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану дағдыларын игеру және (немесе) жетілдіру, үй-жайларды қарап-тексеру техникасы, жарылғыш құрылғылардың ықтимал орнатылу орындарын анықтау бойынша қосымша сабақтар өткізіледі.

22. Теориялық сабақтар сот жүйесі жұмыскерлерінің арасында терроризм идеологиясының таралуына жол бермеуге, сондай-ақ осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес сабақтар тақырыптарының нұсқаларына сай терроризм идеологиясының кез келген көріністерін қабылдамау атмосферасын және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

23. Практикалық сабақтар сот жүйесі жұмыскерлерінің және Сот әкімшілігі объектісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдардың әрекеттерінің барынша үйлесімділігі мен дәлдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

24. Объектінің үй-жайларында және аумағында терроризм актісі жасалу қатері туындаған кезде іс-қимылдар бойынша практикалық сабақтар барлық ұжымды қамти отырып, терроризмге қарсы комиссияның үйлестіруімен жылына кемінде бір рет өткізілуге тиіс.

Объектіде барлық ұжымды қамти отырып практикалық сабақ өткізу кезінде оны өткізу туралы ақпарат ішкі істер (ІІМ) және ұлттық қауіпсіздік (ҰҚК) органдарының аумақтық бөлімшелеріне бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

25. Объектінің барлық ұжымын қамти отырып, практикалық сабақтарды өткізудің алдында осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес терроризм актілерін жасаудың ықтимал сценарийлері кезінде оларда мінез-құлық алгоритмдері білімдерін қалыптастыруға бағытталған сот жүйесі мен күзет жұмыскерлерінің жекелеген топтарымен теориялық және практикалық сабақтар, жоспарлы нұсқамалар жүзеге асырылады.

26. Нұсқамалар жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді.

27. Жоспарлы нұсқама жылына бір рет өткізіледі және осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес сот жүйесінің жұмыскерлерін қалыптасқан жағдайды сәйкестендіруге және террористік сипаттағы ықтимал қатерлерге іс-қимыл алгоритмдеріне сәйкес дұрыс әрекет етуге оқытуға бағытталған.

28. Күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерімен нұсқамаларды, сабақтарды (практикалық және теориялық) сот жүйесі объектісін күзетуге шарт жасасқан күзет қызметі субъектісінің басшысы ұйымдастырады және ол сот жүйесі объектісінде пайдаланылатын терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын

пайдалану дағдыларын, сондай-ақ үй-жайларды қарап-тексеру техникасын игеру мен жетілдіруге, жарылғыш құрылғылардың ықтимал орнатылу орындарын анықтауға бағытталған.

29. Сот жүйесінің объектілерінде эксперименттерді ұйымдастыру мен жүргізуді терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб жүзеге асырады және сот жүйесі объектілерінің терроризм актісін жасауға кедергі келтіруге, салдарды барынша азайту мен жоюды қамтамасыз етуге дайындық режимін бағалаудан тұрады.

30. Осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша терроризмге қарсы қорғау жөніндегі оқу-жаттығу іс-шараларын есепке алу журналына нұсқамалар мен сабақтарды өткізу туралы жазба жасалады.

31. Сот жүйесінің объектісінде эксперимент жүргізілгендігі фактісі сот жүйесі объектісінің басшысында сақталатын эксперимент жүргізу нәтижелері туралы актімен расталады.

32. Сот жүйесінің объектісіндегі эксперимент нәтижелері туралы акт келіп түскеннен кейін оның басшысы, өзге лауазымды адам тиісті ден қою шараларын, оның ішінде оқыту мазмұнына өзгерістер енгізуді де қабылдайды.

4-тарау. Террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

33. Қызметкерлердің уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы терроризм актісін (актілерін) жасау қатерлеріне немесе оның жасалуына ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету, терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі оқу-жаттығулар, жаттығулар, эксперименттер, сондай-ақ терроризмге қарсы операциялар дайындау және жүргізу шеңберінде тұрақты негізде ұйымдастырылады.

34. Терроризмге қарсы комиссиямен өзара іс-қимыл объектіні терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады, оны орнату объект үшін террористік сипаттағы неғұрлым ықтимал қатерлерді нақтылаудан (модельдеуден) басталады.

35. Объект терроризмге қарсы оқу-жаттығулар, жаттығулар өткізуде, объектінің терроризмге қарсы қорғалуына бағалау (эксперимент) жүргізуде терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаппен әрекет еткен жағдайда сот жүйесі объектісінің және күзет қызметі субъектілерінің басшылары жәрдем көрсетеді, аталған іс-шараларды өткізуге сот жүйесі мен күзет жұмыскерлерінің қажетті топтарын тартуды және олардың қатысуын қамтамасыз етеді.

36. Объектідегі террористік сипаттағы неғұрлым ықтимал қатерлерге және оның ерекшеліктеріне (объектінің типі, іске асырылатын оқыту бағдарламалары, сот жүйесі

және күзет жұмыскерлерінің саны, объектінің орналасқан жері, келушілердің бір күнгі орташа саны) сүйене отырып, сот жүйесінің жұмыскерлері мен күзет қызметкерлерінің террористік сипаттағы ықтимал қатерлерге іс-қимыл алгоритмдері нақтыланады.

37. Алгоритмдер уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен өткізілетін практикалық сабақтар, сондай-ақ терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, жаттығуларды дайындау және өткізу, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтардың жоспарларына сәйкес өткізілетін объектінің терроризмге қарсы қорғалуын бағалау (эксперимент) барысында пысықталады.

38. Террористік көріністерге ден қою мәселелері бойынша өзара іс-қимыл міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын терроризм актілерін дайындау фактілері мен белгілері туралы уақтылы хабардар ету және оларға жол бермеуге бағытталған шараларды іске асыру болып табылады.

39. Террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары, объектіге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің басшылары терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатеріне немесе жасалуына ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету шеңберінде сот жүйесі объектісі жұмыскерлерінің, күзет қызметі субъектілерінің:

1) Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатері немесе жасалуы туралы дереу хабардар ету бойынша;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардан терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатері немесе жасалуы туралы ақпарат алған кезде;

3) аумақтық ішкі істер органдарын сот жүйесі немесе күзет жұмыскерлерінің қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды, қолдан жасалған жарылғыш құрылғыларды дайындауға арналған бөлшектерді ұрлағаны, заңсыз сатып алғаны белгілі болған фактілер туралы, сондай-ақ оларды сақтау орындары туралы уақтылы хабардар етудің іс-қимыл алгоритмін әзірлейді.

40. Сот жүйесі объектілерінің басшылары, сот жүйесінің жұмыскерлері мен күзет қызметкерлері терроризм актісі жасалған немесе оны жасау қатері кезінде осы Нұсқаулыққа 3-қосымшада көрсетілген алгоритмге сәйкес аумақтық ұлттық қауіпсіздік органдарын, ішкі істер органдарының бөлімшелерін және өзге де мүдделі тұлғаларды хабардар етеді.

Ақпарат ұсынылған кезде терроризм актісінің жасалуы туралы немесе оның жасалу қаупі туралы мәліметтер, объектінің атауы мен мекен-жайы, оқиға болған уақыт, зардап шеккендердің болуы, олардың орналасқан жері мен жай-күйі, хабар беруші адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде) және оның атқаратын лауазымы көрсетіледі.

Толық деректердің болмауы жауапты тұлғаларды дереу баяндаудан босатпайды.

41. Террористік қауіптілік деңгейлерін анықтау кезінде сот жүйесі объектілерінің басшылары мынадай қауіпсіздік шараларын қабылдайды:

1) террористік қауіптіліктің бірқалыпты ("сары") деңгейінде:

сот жүйесінің объектілерінде өткізу режимін күшейту;

арнайы техникалық құралдарды қолдана отырып, сот жүйесінің жұмыскерлерін, келушілерді және көлік құралдарын қарап тексеру іс-шараларын өткізу барысында режимдік шараларды күшейту;

дағдарыс жағдайларын оқшаулау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын сот жүйесінің жұмыскерлерінен және күзет қызметкерлерінен алынған ақпаратқа байланысты тиісті салалардағы мамандарды тарта отырып, нұсқама алу;

сот жүйесінің жұмыскерлерін және келушілерді терроризм актісін жасаудың қатері және қажетті іс-қимылдар туралы хабардар ету;

жедел немесе шұғыл түрде медициналық көмек көрсету жөніндегі, сондай-ақ терроризм актісі салдарынан физикалық зиян келтірілген адамдарды медициналық эвакуациялауды ұйымдастыру жөніндегі мүмкіндіктерді бағалау.

2) террористік қауіптіліктің жоғары ("қызғылт сары") деңгейінде (террористік қауіптіліктің "сары" деңгейі белгіленген кезде қабылданатын шаралармен қатар):

дағдарыс жағдайларын жою жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын сот жүйесінің жұмыскерлері мен күзет қызметкерлерін тексеру және олардың терроризм актісінің жолын кесу мен адамдарды құтқару жөніндегі ықтимал әрекеттерін пысықтау;

объектілерді күзетуді күшейту;

көлік құралдарының сот жүйесі объектісінің аумағымен жүріп-тұруын бақылауды күшейту, қару мен жарылғыш заттарды табатын техникалық құралдарды пайдалана отырып, көлік құралдарын тексеріп қарауды жүргізу;

күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерін, дағдарысты жағдайларды жою жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын объектілер жұмыскерлерін жоғары дайындық режимі жай-күйіне келтіру.

3) террористік қауіптіліктің шекті ("қызыл") деңгейі белгіленген кезде (террористік қауіптіліктің "сары" және "қызғылт сары" деңгейлері енгізілген кезде қабылданатын шаралармен қатар):

адамдарды құтқару бойынша шұғыл шараларды қабылдау, құтқару қызметтері мен құралымдарының үздіксіз жұмысына жәрдемдесу;

объектіні төтенше режимге көшіру немесе оның жұмыс істеуін тоқтату.

5-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын әзірлеуге және онымен жұмыс істеуге қойылатын талаптар

42. Паспорт терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мүдделі органдар объектіде терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, олардың салдарын барынша

азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлаған кезде пайдалануға арналған.

43. Паспорт қол жетімділігі шектелген ақпаратты қамтитын құжат болып табылады, егер оған құпиялылық белгісі берілмесе, оның "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі болады.

Паспортқа құпиялылық белгісін беру туралы шешім Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қабылданады.

Паспорт деректерін әзірлеу, сақтау және уақтылы жаңарту жауапты лауазымды адамға жүктеледі.

44. Паспорт Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) бекітілген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортына сәйкес, бір мезгілде электрондық нұсқасы әзірленіп, екі данада әзірленеді.

45. Паспорттың жобасы объектіні облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесіне енгізу туралы тиісті хабарлама алынған кезден бастап қырық бес жұмыс күні ішінде жасалады.

46. Әзірленген паспорттың жобасы жасалғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде объектінің орналасқан жері бойынша аумақтық ішкі істер органының басшыларымен келіседі.

Паспорт жобасын ішкі істер органдарында келісу мерзімі оның адресатқа келіп түскен күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

Келісуші тұлғадан паспорттың жобасына ескертулер болған кезде пысықтау мерзімі қайтарылған күннен бастап он бес жұмыс күнінен, ал қайта қайтарылған кезде жеті жұмыс күнінен аспайды.

47. Келісілгеннен кейін он жұмыс күн ішінде паспортты (оның ішінде оны жаңарту кезінде) сот жүйесі объектісінің басшысы бекітеді.

48. Объектінің паспорттарын есепке алу номенклатуралық істер форматында жүзеге асырылады.

49. Әзірленгеннен және бекітілгеннен кейін паспорттың бірінші данасы (түпнұсқасы) жауапты лауазымды адамда сақталады.

50. Терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың паспортты уақтылы беруін қамтамасыз ету мақсатында паспортқа екі данада тізімдеме жасалады.

Тізімдеменің бір данасы паспортпен бірге, қажет болған жағдайда, қабылдау-тапсыру актісі бойынша терроризмге қарсы операцияға басшылықты жүзеге асыратын жедел штабқа беріледі. Тізімдеменің екінші данасы жауапты лауазымды адамда қалады.

51. Паспорттың екінші данасы және паспорттың электрондық нұсқасы (ақпаратты электрондық жеткізгіште PDF форматында) ол бекітілген немесе түзетілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне сақтау үшін жіберіледі.

52. Паспорт:

1) меншік құқықтары;

2) сот жүйесі объектісінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыратын басшы;

3) сот жүйесі объектісінің атауы;

4) сот жүйесі объектісінің, іргелес аумақ құрылысының жалпы ауданы мен периметрі немесе егер конструкцияға өзгерістер енгізілсе, күрделі жөндеу, ғимараттарды (құрылысжайлар мен құрылыстарды) және инженерлік жүйелерді реконструкциялау;

5) сот жүйесі объектісінің ықтимал қауіпті учаскелері;

6) сот жүйесі объектісінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету үшін тартылатын техникалық құралдар өзгерген жағдайда түзетілуге жатады.

53. Өзгерістер түзету үшін негіздер туындағаннан кейін күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде енгізіледі.

Паспортты әзірлеу, оған түзетулер енгізу мерзімдерін ұлғайту қажет болған кезде сот жүйесі объектісінің басшысы терроризмге қарсы комиссияға жүгінеді.

54. Паспортта сот жүйесі объектісі басшысының қолымен куәландырылған өзгеру себептері мен күні көрсетіле отырып, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы белгілер жасалады. Паспорттың өзгерістер болған элементтері ғана ауыстырылуға жатады.

Бір мезгілде сот жүйесі объектісі басшысының қолы қойылған тиісті өзгерістер туралы ақпарат паспорттың электрондық нұсқасын бір мезгілде ауыстыра отырып, паспорттың екінші данасына қоса тіркеу үшін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына жіберіледі.

55. Паспорт:

1) бес жылда кемінде бір рет;

2) паспорт мәтіні тармақтарының жартысынан астамына түзетулер енгізілген жағдайда толық ауыстырылуға жатады.

56. Күші жойылған паспорт тиісті акт жасалып, комиссиялық тәртіппен жойылуға тиіс.

Акт сот жүйесінің объектісінде қалады.

Актінің көшірмесі паспорттың екінші данасы сақталатын жерге жіберіледі.

6-тарау. Сот жүйесінің террористік тұрғыдан осал объектілерін инженерлік-техникалық жабдықтармен жарақтандыруға қойылатын талаптар

57. Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілер "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуына қойылатын талаптарға сәйкес жарақтандырылады.

58. Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерге жатпайтын объектілер міндетті түрде:

- 1) телевизиялық күзет жүйесімен;
- 2) хабарлама жүйесімен;
- 3) "дабыл батырмасымен" және өрт-күзет сигнализациясымен;
- 4) бақылау-өткізу пунктiмен (мүмкіндік болған кезде);

5) қоршауының биіктігі 2,5 метр, қалыңдығы кемінде 18 мм, шыбықтардың арасындағы саңылауы 100 мм аспайтын металл шыбықтан орындалған іргетаспен нығайтылған (кемінде 200-400 мм тереңдете отырып) үлгілік жоба бойынша периметрі бойына қоршаумен жарақтандырылады. Қоршау тік бұрышты, бақылау және техникалық күзет құралдарының қолданылуын қиындататын артық иiндер мен бұрылыстарсыз, сыртқы томпақ жерлер мен ойықтарсыз болуы керек.

59. Сот жүйесінің объектісін кіруді бақылау және басқару жүйесімен жарақтандыру сот жүйесі жұмыскерлері мен келушілердің сот жүйесінің объектісіне және (немесе) оның аймағына (учаскелеріне) әртүрлі кіру деңгейін көздейтін аймақтар бойынша жүргізіледі.

Кіруді бақылау және басқару жүйесі мыналарға арналған:

1) бірінші аймақ – персонал мен келушілердің кіруі шектелмеген ғимараттар, аумақтар, үй-жайлар;

2) екінші аймақ – персоналдың шектеулі құрамына, сондай-ақ объектіге келушілерге біржолғы рұқсатнамалар бойынша немесе объект персоналының бірге жүруімен кіруге рұқсат етілген үй-жайлар;

3) үшінші аймақ – сот жүйесінің қатаң түрде белгіленген жұмыскерлері мен сот жүйесі объектісінің басшысы кіре алатын объектінің арнайы үй-жайлары.

60. Сот жүйесінің объектілеріне рұқсатсыз кіргізуге тыйым салынған құралдар мен заттарды табу мақсатында күзет бекеттері барлық кіреберістерде техникалық тексеріп-қарау құралдарымен жарақтандырылады.

Техникалық тексеріп-қарау құралдарына стационарлық және (немесе) қолмен басқарылатын металл детекторлар жатады.

61. Сот жүйесінің объектілері күзет және дабыл сигнализациясы, кіруді бақылау және басқару, жарықтандыру, бейнебақылау жүйесінің кемінде 24 сағат үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін резервтік электрмен жабдықтау жүйелерімен және құралдарымен жарақтандырылады.

62. Телевизиялық күзет жүйесі сот жүйесі объектісіне іргелес жатқан аумақтың периметрін, бақылау-өткізу пункттерін (бар болған кезде), негізгі және қосалқы

есіктерді, объектіде адамдар көп жиналуы мүмкін орындарды және сот жүйесі объектісі басшысының шешімі бойынша басқа да аймақтарды қамту үшін орнатылады.

63. Телевизиялық күзет жүйесі:

1) көрнекі ақпаратты арнайы бөлінген үй-жайдағы жергілікті бақылау пунктiнiң мониторларына беруді;

2) кейіннен оқиғаларды талдау үшін бейнеақпаратты сақтауды (ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 30 тәуліктен кем емес);

3) бейнежазбаларға жедел қол жеткізуді;

4) бейнебақылау жүйелерін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы №69-қа бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21693 болып тіркелген) Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында (бұдан әрі – Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидалары) айқындалған тәртіппен Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне қосу мүмкіндігін;

5) бейнекөріністі бейнебақылау жүйесімен полицияның жедел басқару орталықтарына не аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне беруді қамтамасыз етеді.

64. Тәуліктің қараңғы уақытында, егер сот жүйесі объектілерінің үй-жайлары мен іргелес аумақтарының жарықтандырылуы бейнекамералардың сезімталдығынан төмен болса, жарықтың көрінетін немесе инфрақызыл диапазонын жарықтандыру (бар болған кезде) қосылады.

65 Бейнебақылау жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында көзделген ең төменгі техникалық талаптарға сәйкес әзірленеді.

66. Объектілер сот жүйесінің жұмыскерлерін және келушілерді штаттан тыс жағдайдың туындағаны туралы (терроризм актісінің жасалу қатері немесе жасалуы және туындаған салдары туралы) жедел хабардар ету және олардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсаттарында хабардар ету жүйелерімен және құралдарымен жарықтандырылады.

Сот жүйесінің жұмыскерлері мен объектіге келушілерді хабардар ету:

1) адамдар тұрақты немесе уақытша болатын сот жүйесі объектісінің ғимараттарына, үй-жайларына, аумағының учаскелеріне дыбыстық сигналдар (қажет болған кезде жарық сигналдарын да) беруді;

2) қауіптілік сипаты, объектінің үй-жайларын эвакуациялауды немесе бұғаттауды жүзеге асыру қажеттігі мен тәртібі, сот жүйесі жұмыскерлерінің және келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да іс-қимылдар туралы ауызша ақпаратты автоматты режимде (бұрын жазылған мәтінді оқу), микрофон көмегімен де

трансляциялауды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады. Үй-жайларды эвакуациялау және бұғаттау туралы хабардар ету жүйесі сигналдармен ерекшеленеді.

67. Дабыл батырмасы уәкілетті органдарды объектіде терроризм актісінің жасалу қатері туралы уақтылы хабардар ету мақсатында күзет қызметкерінің бекетінде орнатылады.

Дабыл батырмасы аумақтық полиция органдарының кезекші бөлімдеріне не күзет қызметі субъектілерінің орталықтандырылған бақылау пультіне жасырын сигнал беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

68. Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігімен келісу бойынша объектілерде терроризмге қарсы қорғалу деңгейін арттыруға ықпал ететін қосымша инженерлік-техникалық жабдық орнатылады.

69. Объектінің инженерлік-техникалық жабдықтары үнемі жұмыс істейтін күйде болады.

70. Объектіні террористік тұрғыдан осал объектілер тізбесіне енгізгеннен кейін 6 ай ішінде инженерлік-техникалық жабдықпен жаратандыру мүмкін болмаған жағдайда, сот жүйесі объектісінің басшысы объектіні жаратандыруға арналған қаражатты жоспарлау үшін шаралар қабылдайды, ал терроризмге қарсы комиссияға объектіні инженерлік-техникалық жаратандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын келісуге ұсынады.

Сот жүйесі қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

Сабақ тақырыптарының нұсқалары

1. Терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселелері жөніндегі заңнаманың негізгі талаптары.

2. Терроризмнің мәні мен қоғамдық қауіптілігі, террористік сипаттағы әрекеттерді жасағаны үшін жауаптылық.

3. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің нәтижелері туралы объективті ақпаратты уақтылы жеткізу.

4. Сот жүйесінің басшылары мен жұмыскерлерінің объектіге мина қою туралы хабарларды алған кездегі әрекеттері. Терроризм актісінің қатері төнген кезде телефон арқылы сөйлесу тәртібі.

5. Сот жүйесінің басшылары мен жұмыскерлерінің теракт жасалған кездегі әрекеттері.

6. Терроризмге қарсы қауіпсіздікті ұйымдастыру.

7. Сот жүйесі объектілеріндегі қауіпсіздік шаралары.
8. Жарылғыш заттарды тану және жарылыс қатері кезіндегі тәртіп қағидалары.
9. Объектілердің жанында қоғамдық тәртіпсіздік туындаған және кепілге адамдарды алу қатері төнген кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
10. Терроризм актісінің қатері төнген кезде және/немесе жасалған террористік акт кезінде сот жүйесінің жұмыскерлерін және келушілерді хабардар ету тәртібі.
11. Сот жүйесінің жұмыскерлерін және келушілерді сот жүйесінің объектісінен эвакуациялау және эвакуациялауды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.
12. Сот жүйесінің объектісі шегінде терроризм актісі жасалған жағдайдағы мінез-құлық және іс-қимыл тәртібі.
13. Сот жүйесінің жұмыскерлері мен күзет қызметкерлерінің иесі жоқ заттар мен күмәнді нәрселерді анықтау мақсатында үй-жайларды қарап-тексеруді ұйымдастыру жөніндегі практикалық іс-қимылы.
14. Сот жүйесінің жұмыскерлері мен күзет қызметкерлерінің иесі жоқ заттарды, күдікті нәрселерді тапқан және мина қойылғаны туралы хабарлар алған кездегі практикалық іс-қимылы.
15. Иесі жоқ заттарды, күдікті нәрселерді тапқан және объектіге мина қойылғаны туралы хабар алған кезде аумақтық ішкі істер органдарымен және күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы
сот жүйесінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Сот жүйесінің объектілеріне алып өтуге тыйым салынған негізгі заттардың тізбесі

1. Қару:
 - 1) атыс қаруы;
 - 2) жарақаттайтын, газды және жарық-дыбыстық әсер ететін патрондары бар оқпансыз қару;
 - 3) суық қару, сондай-ақ суық қаруға жатпайтын әртүрлі пышақтар;
 - 4) лақтыратын қару;
 - 5) пневматикалық;
 - 6) газды;
 - 7) электрлік;
 - 8) сигналдық;
 - 9) зақымдаушы әсері радиоактивті сәулелену мен биологиялық әсерді пайдалануға негізделген қару;

10) зақымдайтын әсері электромагниттік, жарық, жылу, инфрадыбыстық немесе ультрадыбыстық сәулеленуді пайдалануға негізделген қару;

2. Механикалық және аэрозольдік тозаңдатқыштар және адам ағзасына жас ағызатын, тітіркендіретін және теріс әсер ететін құралдармен жарақталған құрылғылар.

3. Заттар:

- 1) жарылғыш;
- 2) улы;
- 3) уландырғыш;
- 4) радиоактивті;
- 5) күйдіргіш;
- 6) пиротехникалық;
- 7) тез тұтанғыш.

Қазақстан Республикасы
сот жүйесінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

Сот жүйесі жұмыскерлерінің терроризм актісінің жасалу қатері және терроризм актісін жасаудан келтірілген техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимыл АЛГОРИТМІ

1. Осы сот жүйесі жұмыскерлерінің терроризм актісінің жасалу қатері және терроризм актісін жасаудан келтірілген техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмі терроризм актісінің жасалу қатері және терроризм актісін жасаудан келтірілген техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда сот жүйесі органдарының жұмыс істеуінің орнықтылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды басқару мақсатында әзірленді және олардың алдын алуға және оларды жоюға бағытталған.

2. Терроризм актісі жасалған жағдайда сот жүйесі объектісінің басшысы құқық қорғау және арнаулы органдарға дереу хабарлауға, жұмыскерлер мен келушілерді эвакуациялауды қамтамасыз етуге міндетті.

Терроризм актісінің жасалу қатері туындауының алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру кезінде бөгде адамдардың объектілерге және осал учаскелерге (учаскелерге, жабдықтарға) еркін кіруін болғызбауға айрықша назар аудару маңызды, бұл террористік құралдарды жеткізу мүмкіндігін, сондай-ақ бақылау аппаратурасын, автоматиканы, байланыс құралдарын істен шығаруды болғызбайды.

Террористік әрекетті ықтимал дайындау мен жүзеге асырудың негізгі белгілері:

1) мінез-құлқында ықтимал террористік шабуыл объектісінің жақын маңындағы жағдайды зерттеу, оның қызметінің белгілі бір аспектілеріне жоғары немесе негізсіз уәжделген қызығушылық байқалатын адамдардың пайда болуы;

2) таңдалған объектілер жанында күдікті адамдардың бірнеше рет көрінуі және олардың фото- мен бейнетүсірілім жүргізуі;

3) сот жүйесінің жұмыскерлерімен және күзет қызметкерлерімен негізсіз байланысқа түсу, олардан жұмыс режимін, кіру тәртібін, қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін анықтап сұрау және т.б.;

4) техникалық қызмет көрсетуге қатысы жоқ адамдардың жертөлелер мен шатырларға кіруі;

5) бөгде келушілерде (күдік тудыратын адамдарда) күзеттің объект ғимаратының кіру орнында тексеруі ұсынушының жеке басы туралы ақпарат бермейтін құжаттардың болуы;

6) сот жүйесінің басшылығы мен жұмыскерлеріне жалған ақпарат туралы хабарлау;

7) объектінің осал учаскелерін және оларға кіру тәртібін, өткізу режимі мен күзету жүйесінің тәртібін зерттеу.

Террористік шабуылдың үлгілік сценарийлерін алдын ала талдаудың негізінде оларды қолайлы, жағымды жаққа өзгерту мақсатында төтенше жағдайлардың дамуының әрбір кезеңінде нақты бастапқы, аралық және қорытынды оқиғаларға тиімді әсер етуге мүмкіндік беретін іс-шаралар кешенін әзірлеу және нақты уақыт режимінде іске асыру маңызды.

3. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар олардың туындау ықтималдығы мен олардан залал келуі мүмкіндігін ескере отырып жүргізіледі.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды орындау сот жүйесі объектілерінің басшыларына және Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде жауапты лауазымды адамдарға жүктеледі.

1-тарау. Сот жүйесінің объектісінде және оған іргелес жатқан аумақта терроризм актісінің жасалу қатері туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмі

Тәртіп сот жүйесі жұмыскерлерінің іс-қимылын жүйелендіреді және үйлестіреді.

Әр қызметкерге жеткізілді.

Мақсаты – сот жүйесінің жұмыскерлеріне барынша тез бағдарлануға және террористік сипаттағы экстремальды және төтенше жағдайға тиімді ден қоюға көмектесу.

Шұғыл әрекет ету үшін мыналар негіз болып табылады:

- сот жүйесі жұмыскерлерінің бірінің немесе сот жүйесі объектісіне келушілердің күдікті затты анықтауы;

- қатердің туындауы;
- сот жүйесінің жұмыскерлеріне және/немесе объектілерге келушілерге қарулы шабуылдың жасалуы;
- террористердің сот жүйесінің жұмыскерлерін және/немесе сот жүйесінің объектісіне немесе оған іргелес жатқан аумаққа келушілерді кепілге алуы;
- террористердің сот жүйесінің объектісіне шабуылы.

Санамаланған жағдайлардың кез келгеніне тап болған сот жұмыскері бұл туралы дереу сот жүйесі объектісінің басшысына немесе жауапты лауазымды адамға хабарлауға міндетті. Мүмкін болмаған кезде өз бетінше "102" немесе "112" нөмірлеріне хабарлауға міндетті.

Сот жүйесі объектісінің басшысы болған оқиға туралы:

- ұлттық қауіпсіздік бөлімшесіне;
- ішкі істер органдарының бөлімшесіне;
- Сот әкімшілігінің Ішкі қауіпсіздік бөліміне дереу хабарлайды.

2-тарау. Күдікті заттар анықталған кездегі іс-қимыл алгоритмі

Өзгеше дыбыстар шығаратын (шыртыл, тықылдау) және ерекше иісі бар (бадам, хлор, аммиак) иесіз сөмкелер, пакеттер, жәшіктер, қораптар немесе сымдары шыққан ойыншықтар күдікті заттар деп түсініледі.

Күдікті затты байқаған сот жүйесінің жұмыскері сот жүйесі объектісінің басшысына және жауапты лауазымды адамға, сондай-ақ "102" немесе "112" нөмірлеріне дереу хабарлауға міндетті. Шұғыл ден қою күштері келгенге дейін заттан қауіпсіз қашықтықта болуға және орын алған оқиғаға қатысты айғақтар беруге дайын болуға міндетті.

Сот жүйесі объектісі басшысының әрекеттері:

- даярланған қызметкерлер қатарынан қоршау қою;
- шұғыл ден қою қызметтерінің (полиция бөлімшелері, жедел медициналық көмек қызметтері, өрт сөндірушілер, жедел-құтқару қызметтері) күдікті зат анықталған жерге кедергісіз кіруін қамтамасыз ету;
- қалған жұмыскерлер мен келушілерді эвакуациялау бойынша шаралар қабылдау.

Жұмыскерлердің әрекеттері:

- күдікті заттан қауіпсіз қашықтыққа (кемінде 100 м) өту, табылған затқа жақындамау, оны ұстамау және ашпау;
- иесіз қалған заттың ықтимал иесін анықтау мақсатында айналасындағылардан сұрау;
- заттың жанында радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы телефонды да пайдаланбау;
- анықталған уақыты мен орнын тіркеп-белгілеу;
- объектіге келушілерді эвакуациялауды ұйымдастыруға жәрдемдесу.

Келушілердің әрекеттері:

- үрейге бой бермеу, сот жүйесі жұмыскерлерінің және күзет қызметкерлерінің нұсқауларымен жүру;

- күдікті затты ұстамау, ашпау және жылжытпау;

- объектіден қауіпсіз қашықтыққа (кемінде 100 м) кету, мүмкін болмаған кезде күрделі құрылыстың артына және қажетті қашықтықта жасырыну.

Күзет қызметкерлерінің әрекеттері:

- күдікті затты ұстамау, ашпау және жылжытпау;

- иесіз қалған заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналадағылардан сұрау;

- радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы телефонды да осы заттың жанында пайдаланбау;

- анықталған уақыты мен орнын тіркеп-белгілеу;

- күдікті заттың анықталғаны туралы "102" немесе "112" нөмірлеріне және өз басшылығына дереу хабарлау;

- күдікті заттың сыртқы түрін және оны анықтау мән-жайын сипаттауға дайын болу;

- дүрбелең туғызбау үшін не болғанын білуі тиіс адамдардан басқа ешкімге жарылыс қатері туралы хабарламау;

- күдікті затқа және қауіпті аймаққа бөгде адамдардың кіруін шектеуді қамтамасыз ету;

- адамдарды қауіпті аймаққа іргелес жатқан аумақтан ұйымдасқан түрде эвакуациялауды қамтамасыз ету.

Жарылғыш құрылғы (ЖҚ) немесе ЖҚ-ға ұқсас зат анықталған кезде эвакуация мен қоршаудың ұсынылатын аймақтары:

РГД-5 гранатасы – 50 м;

Ф-1 гранатасы – 200 м;

салмағы 200 г тротильді шашка – 45 м;

жарылғыш құрылғы – 200 м кем емес;

сыра банкісі 0,33 л – 60 м;

дипломат (кейс) – 230 м;

жол чемоданы – 350 м;

жеңіл автомашина – кемінде 600 м;

шағын автобус – 920 м;

жүк автокөлігі (фургон) – 1240 м.

3-тарау. Телефон арқылы қатер төнген кезде іс-қимыл алгоритмі

Қойылған жарылғыш құрылғылар, адамдарды кепілге алу, қорқытып алу немесе бопсалау туралы келіп түсетін хабарлардың негізгі арнасы әдетте телефон болып табылады.

Мұндай бір де бір сигналды елеусіз қалдыруға болмайды.

Әңгіменің мазмұнын сөзбе-сөз есте сақтауға және оны кез келген қолжетімді тәсілдермен тіркеп-белгілеуге тырысу қажет.

Қатерді алған адамның әрекеттері:

- әңгіме барысында қоңырау шалушыны анықтауға тырысу (жынысы, жасы);
- дауыс ерекшеліктерін белгілеу (қатты немесе жай, төмен немесе жоғары);
- сөйлеу қарқынын тіркеп-белгілеу (жылдам немесе баяу);
 - айтылғандарды тіркеп-белгілеу (анық, бұрмаланған, кекештену, ысылдау, акцентпен немесе диалектпен);
 - сөйлеу мәнерін тіркеп-белгілеу (күлкілі, мазақ, әдепсіз сөздер);
 - дыбыстық фонға назар аудару (автомашиналардың немесе теміржол көлігінің шуы, теле- немесе радиоаппаратураның дыбысы, дауыстар, басқалары);
 - әңгіменің нақты басталған уақытын және оның ұзақтығын тіркеп-белгілеу;
 - әңгіме барысында келесі сұрақтарға жауап алуға тырысу:
бұл адам қайда, кімге, қандай телефон арқылы қоңырау шалды?
ол нақты қандай талаптар қойды?

жеке өзі талап ете ме немесе делдал ретінде әрекет ете ме және қандай да бір адамдар тобын білдіре ме?

ол немесе олар қандай шарттармен өз жоспарларынан бас тартуға келіседі?

онымен қалай және қашан байланысуға болады?

бұл қоңырау туралы кімге хабарлай аласыз?

- қоңырау шалушыдан шешім қабылдау немесе қандай да бір әрекет жасау үшін барынша мүмкін болатын уақыт аралығына қол жеткізуге тырысу;

- мүмкіндігінше әңгіме барысында ол туралы "102" немесе "112" нөміріне, сондай-ақ сот жүйесі объектісінің басшысына хабарлауға тырысу.

4-тарау. Жазбаша нысанда қатер төнген кездегі іс-қимыл алгоритмі

Қатерлер жазбаша нысанда пошта арқылы да, әртүрлі анонимді материалдарды (жазбалар, жазулар, магниттік ақпарат тасымалдағыштардағы ақпарат) анықтау нәтижесінде де түседі.

Қатерді алушының әрекеттері:

- мұндай құжатты алғаннан кейін оған аса сақтықпен қарау;
- мүмкіндігінше оны таза, тығыз жабылатын полиэтилен пакетке жинап қою және жеке қатты папкаға салу;
- өзінің саусақ іздерін қалдырмауға тырысу;
 - егер құжат конвертпен келіп түссе, шеттерін қайшымен мұқият кесіп, тек сол немесе оң жағынан ашу;
 - бұл ретте құжаттың өзін мәтінімен, кез келген салынған қағазды, конвертті және ораманы сақтау;
 - құжаттың мазмұнымен танысқан тұлғалар шеңберін көбейтпеу;

- сот жүйесі объектінің басшысына, жауапты лауазымды адамға, сондай-ақ "102" немесе "112" нөміріне дереу хабарлау.

5-тарау. Сот жүйесінің объектісіне қарулы шабуыл кезіндегі іс-қимыл алгоритмі

Объектіге қарулы шабуыл жасалған кезде өзін-өзі оқшаулау үшін шаралар қабылдау, қауіпті аймақтан дереу шығу, сондай-ақ "102" немесе "112" нөмірлеріне хабарлау қажет.

Сот жүйесі объектісі басшысының әрекеттері:

- ПМ және ҰҚК бөлімшелерін дереу хабардар ету;
- объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру (эвакуациялау, ішкі кедергілерге тосқауыл қою, штаттан тыс оқиға туралы хабарлау.);
- терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың келіп жатқан күштерімен өзара іс-қимыл ұйымдастыру.

Сот жүйесі жұмыскерлерінің және келушілердің әрекеттері:

- үрейге бой бермеу;
- оқиғаны бағалау және ғимараттан қалай шығудың нақты жоспарын ойластыру;
- алғашқы мүмкіндік болған кезде қауіпсіз эвакуациялану, ғимараттан бірден шығу;
- егер мұндай мүмкіндік болмаса, барынша қауіпсіз орынды табу, кіретін жерді бұғаттау, жарықты өшіру, ұялы телефондарды үнсіз режимге ауыстыру, терезелерді жабу және перделерін жабу, көмек келгенге дейін тыныш отыру.

Күзет қызметкерлерінің әрекеттері:

- шабуыл жасаған қылмыскерлерді анықтау;
- мүмкіндігінше объектідегі адамдар көп жиналатын орындарға олардың баруына тосқауыл қою;
- сот жүйесі объектісінің басшысын, ПМ және ҰҚК бөлімшелерін қарулы шабуыл фактісі туралы кез келген тәсілмен дереу хабардар ету;
- объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау (эвакуациялау, ішкі кедергілерді бұғаттау).

6-тарау. Сот жүйесінің объектісінде адамдарды кепілге алу кезіндегі іс-қимыл алгоритмі

Сот жүйесі объектісі басшысының әрекеттері:

- ПМ және ҰҚК бөлімшелерін дереу хабардар ету;
- басқыншылардың талаптарын анықтау;
- терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың келіп жатқан күштерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

Сот жүйесі жұмыскерлерінің әрекеттері:

- үрейге бой бермеу;

- алғашқы мүмкіндік болған кезде қауіпсіз эвакуациялану, ғимараттан бірден шығу;
- егер мұндай мүмкіндік болмаса, барынша қауіпсіз орынды табу, кіретін жерді бұғаттау, жарықты өшіру, ұялы телефондарды үнсіз режимге ауыстыру, терезелерді жабу және перделерін жабу, көмек келгенге дейін тыныш отыру;

- сот жүйесі объектісінің басшысын, ІІМ және ҰҚК бөлімшелерін кез келген қолжетімді тәсілмен және өз қауіпсіздігін кепілдікпен қамтамасыз ету шартымен кепілге алынған адамдарды кепілге алудың мән-жайлары мен террористер (саны, қару-жарағы, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) туралы хабардар ету;

- мүмкіндігінше есіктер мен терезелер жақтауларынан алыс болу.

Кепілге алынған адамдардың әрекеттері:

- үрейге бой бермеу, баяу дауыспен сөйлесу;
- террористерді қару қолдануға итермелеуі мүмкін әрекеттерге жол бермеу;
- қиындықтарды, қорлауды және кемсітуді төзімділікпен көтеру;
- террористердің көзіне қарамау, өзін қарапайым ұстау;
- террористерге өшпенділік пен менсінбеушілікті білдіретін сөздерді айтпау;
 - қажет болған кезде террористердің талаптарын орындау, оларға қарсылық көрсетпеу, басқалардың және өзінің өміріне қауіп төндірмеу;
- кез келген әрекеттер жасау үшін (отыру, тұру, ішу, дәретке бару) рұқсат сұрау;
- жараланған кезде қозғалмауға тырысу;
 - арнаулы қызметтер босату операциясын жүргізу кезінде еденде бетін төмен қаратып жату, басын қолмен жабу және қозғалмау;
 - ешқандай жағдайда арнаулы қызмет қызметкерлеріне қарсы жүгірмеу немесе олардан қашпау;
- террористер туралы мүмкіндігінше көп ақпаратты есте сақтау;
- өмір үшін қауіп-қатер болмаған жағдайда сот жүйесі объектісінің басшысын, ІІМ және ҰҚК бөлімшелерін адамдарды кепілге алудың мән-жайлары және террористер (саны, қару-жарағы, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) туралы кез келген қолжетімді тәсілмен хабардар етуге тырысу.

Күзет қызметкерлерінің әрекеттері:

- террористермен өз бастамасымен келіссөздерге түспеу;
- қажет болған кезде, егер бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты болмаса, террористердің талаптарын орындау, қылмыскерлерге қарсы шықпау, айналасындағылардың және өзінің өміріне қауіп төндірмеу;
 - мұқият болу, террористердің белгілерін, олардың бет-әлпетінің ерекшеліктерін, киімдерін, есімдерін, лақап аттарын, болса тыртықтары мен татуировкаларын, сөйлеу ерекшеліктері мен мінез-құлқы мәнерін, әңгіме тақырыбын есте сақтауға тырысу.

7-тарау. Сот жүйесінің объектісіндегі және оған іргелес жатқан аумақтағы атыс кезіндегі іс-қимыл алгоритмі

Сот жүйесі объектісі басшысының әрекеттері:

- сот жүйесі жұмыскерлерінің және келушілердің қауіпсіздігі үшін барынша мүмкін болатын жағдайларды ұйымдастыру;

- құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарға атыс туралы дереу хабарлау;

- сот жүйесі жұмыскерлерінің және келушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау жөнінде шаралар қабылдау.

Сот жүйесі жұмыскерлерінің әрекеттері:

- көшеде атыс кезінде терезелер пердемен жабылған болса да, терезенің жанында тұруға тыйым салынады;

- терезе алдындағы тақтай деңгейінен жоғары көтерілуге болмайды;

- көшеде атыс кезінде жерге жатып және еңбектеп тасаға баруға тырысыңыз (ғимараттың бұрышы, гүлзар, аялдама), егер жақын жерде мұндай нәрсе болмаса, басыңызды қолыңызбен жауып, тыныш жатыңыз;

- барлығы тынышталғанда, сіз орныңыздан тұрып, керекті жеріңізге жете аласыз.

8-тарау. Сот жүйесінің объектісінде және оған іргелес жатқан аумақта жарылыс кезіндегі іс-қимыл алгоритмі

Сот жүйесі объектісі басшысының әрекеттері:

- сот жүйесі жұмыскерлерінің және келушілердің қауіпсіздігі үшін барынша мүмкін жағдайларды ұйымдастыру;

- құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарға ғимараттың жарылуы туралы дереу хабарлау;

- сот жүйесі жұмыскерлерінің өмірін қорғауға арналған әрекеттер ұйымдастыру.

Сот жүйесі жұмыскерлерінің әрекеттері:

- шыны шкафтардың, витриналар мен терезелердің жанында болмауға тырысып, еденге жату;

- негізгі қабырғалардың астына жасырыну, өйткені көптеген жағдайда адамдар қалқалардан, төбелерден, люстралардан қаза табады;

- баспалдақ жаққа шықпау, қосылған электр аспаптарына қол тигізбеу;

- қараңғыда қалып қойса, сіріңке жақпау, себебі газ шығуы мүмкін;

- ғимараттан, әсіресе баспалдақпен төмен түсу керек болған кезде, арқаңызбен қабырғаға сүйеніп шығу;

- жарақат алуды болғызбау үшін еңкейіп, басыңызды қолыңызбен жабу қажет;

- далаға шыққан кезде ғимараттан алшақтаңыз, қауіпсіздік мақсатында карниздер мен қабырғаларды байқаңыз.

Жылдам әрі мұқият болу керек, өйткені ғимарат құлаған кезде дүрбелең тудыратын қалың шаң көтеріледі.

сот жүйесінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
4-қосымша

Терроризмге қарсы дайындықтың оқу-жаттығу іс-шараларын есепке алу журналы (титул парағы) _____ (объектінің атауы)

Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын өткізуді № _____ есепке алу журналы Журналды жүргізу басталған күн 20__ жылғы "___" _____ Журналды жүргізу аяқталған күн 20__ жылғы "___" _____ (ішкі жағы)

1-бөлім. Нұсқамалар

№ Р/с/№ №	Нұсқама өткізілген күн	Нұсқама берілетін адамның Т.А.Ә. әкесінің аты (бар болса) және лауазымы	Нұсқама түрі	Нұсқаманы өткізген адамның Т.А.Ә. (әкесінің аты жеке басын қуәландыраты н құжатта бар болса) және лауазымы	Нұсқама берілетін адамның қолы	Нұсқаманы өткізген адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7

2-бөлім. Сабақ

1. Сабақ өткізілетін күн.
2. Сабақтың тақырыбы.
3. Оқу-жаттығу сұрақтары.
4. Қатысып отырған жұмыскерлер саны.
5. Сабақты өткізген адамның қолы.